

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметке ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2014 жылғы 11 ақпандағы № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 наурызда № 9204 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі № 627 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 28.07.2015 № 627 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларының 70-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережелерінің 15-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметке ақы төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті (Қ.Қ. Ермекбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық министрлігінің интернет-сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Заң қызметі департаменті (Д.Е. Асайынова) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның заңнамада белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми

жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

5. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтарда туындаған қатынастарға қолданылады.

| | | |
|-----------------------------------|----------------------|-------------------------|
| Қ а з а қ с т а н | | Р е с п у б л и к а с ы |
| Денсаулық сақтау министрінің м.а. | | Б. Төкежанов |
| Қ а з а қ с т а н | | Р е с п у б л и к а с ы |
| Д е н с а у л ы қ | с а қ т а у | м и н и с т р і н ің |
| м і н д е т і н | а т қ а р у ш ы н ың | |
| 2 0 1 4 | ж ы л ғ ы | 1 1 |
| № 7 7 | б ұ й р ы ғ ы м е н | а қ п а н д а ғ ы |
| бекітілген | | |

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларының 70-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесінің (бұдан әрі – Шығындарды өтеу ережесі) 15-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағида келесі нысандарда көрсетілетін медициналық көмектің мамандандырылған, жоғары мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша республикалық бюджет қаражатының есебінен ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу (бұдан әрі – көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу) тәртібін айқындайды:

1) республикалық маңызы бар медициналық ұйымдардың оңалту орталықтарындағы, санаторийлердегі науқастарға, психикалық, инфекциялық аурулармен, туберкулезбен, маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарға медициналық қызметтер көрсетуін қоса

алғанда, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек;
2) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту;
3) республикалық маңызы бар медициналық ұйымдардағы амбулаториялық-емханалық көмек нысандарында көрсетіледі.

Қағида нысаналы ағымдағы трансферттерге бағытталған қаражат есебінен қаржыландырылатын көрсетілген медициналық қызметтер үшін, бірегей технологиялардың тізбесіне және шетелде емделуге үміткер болған пациенттерді бюджет қаражатының есебінен отандық медициналық ұйымдарда емдеуге ақы төлеуге қолданылады.

3. Қағида көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу тәртібін, тәуліктік стационар шарттарында көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеуді, стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық қызметтерге ақы төлеуді және ұстап қалулар мен әсер ету шараларын қамтиды.

4. Қағида Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық департаментіне (бұдан әрі - МҚАК АД), Министрліктің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – МФҚБК АД), Медициналық қызметтерді көрсетуге МҚАК АД-мен Шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасқан медициналық ұйымдарға, «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» (бұдан әрі - РЭДО) мен «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» (бұдан әрі – ДДРО) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына және «ҚазМедТех» акционерлік қоғамына қолданылады.

5. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

2) есепті кезең – шарттық міндеттемелердің аяқталуына байланысты кезең қысқартылатын жылдың соңғы айын қоспағанда бір күнтізбелік айға (айдың бастапқы күнінен бастап соңғы күніне дейін) тең уақыт кезеңі;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) тапсырыс беруші – республикалық бюджет қаражатының есебінен ТМККК көрсету бойынша қызметтер берушіні таңдауды жүзеге асыратын МҚАК АД;

6. Медициналық қызметтер үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасы азаматтарының және оралмандардың медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын іске асыруды, Әкімшінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша

бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жоспарларымен көзделген қаражаттың шегінде көрсетілген медициналық көмектің сапасын және көлемін бақылаудың нәтижелерін есепке ала отырып, Шарттың негізінде жүзеге асырылады.

2. Көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеудің тәртібі

7. Медициналық ұйым Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша, мынадай: стационарлық науқастың (003/е нысаны), күндізгі стационар науқасының (003-3/ нысаны), босану тарихы (096/е нысаны), жаңа туған нәрестенің даму тарихы (097 /е нысаны) медициналық карталарының (бұдан әрі – медициналық карталар) негізінде пациенттің стационардан шығуынан кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей Стационарлық науқастардың электрондық тіркеліміне (бұдан әрі – Тіркелім) деректерді, оның ішінде шығару эпикризін енгізу және растауды күн с а й ы н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану арқылы медициналық қызмет көрсету кезінде медициналық ұйым Уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасы нысандарында жоғарыда көрсетілген медициналық техниканың т о ғ ы з с а н д ы қ к о д ы н ұ с ы н а д ы .

Енгізу нәтижелері бойынша стационардан шыққан науқастың № 907 бұйрықпен бекітілген статистикалық картасы (066/е, 066-1/е, 066-2/е, 066-3/е, 066 -4/е нысандары) және емделіп шыққан науқастың шығару эпикризі (027/е нысаны), амбулаториялық пациенттің статистикалық картасы (025-9/е нысаны) қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

8. Медициналық ұйымдар Тіркелім деректерінің негізінде ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 1-4-қосымшаларға сәйкес тиісті нысандар бойынша ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетілген медициналық қызметтер үшін медициналық ұйымның шот-тізілімін, ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетілген медициналық қызметтер үшін медициналық ұйымның шот-тізілімін, ақы төлеу

республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның шот-тізілімін және ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның шот-тізілімін (бұдан әрі – Шот-тізілім) қалыптастырады және МҚАК АД-ға береді. Егер Шот-тізілімге электрондық-цифрлық қолтаңба қойылса, онда оны беру электрондық пішімде жүзеге асырылады.

9. Медициналық ұйым Тіркелімді қалыптастырудың дұрыстығы, уақтылығы мен сапасы үшін және ақы төлеуге берілген шот-тізілімнің Тіркелім деректеріне сәйкестігі үшін жауапты болады.

10. ТМККК қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелері бойынша жағдайлардың жинақ тізбесі негізінде, сондай-ақ шартты орындауды бағалаудың сызықтық шкаласын қолдану негізінде, МҚАК АД деңгейінде осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық қызметтерді медициналық ұйымның көрсетуіне арналған шартты орындау хаттамасы, Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық қызметтерді медициналық ұйымның көрсетуіне арналған шарттын орындау хаттамасы (бұдан әрі – Хаттама) қалыптастырылады.

Хаттамаларды тұрақты әрекет істейтін комиссия қарайды және қол қояды. Комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) МҚАК АД-ның, тиісінше өңірдің денсаулық сақтау басқармасының және РЭДО қызметкерлерінің қатарынан тапсырыс беруші құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар айындағы Хаттаманы қалыптастыру өткен жылдың желтоқсан айындағы шот-тізілімге кірмеген жағдайларды және лизингтік төлемдерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуіне арналған шартты орындау хаттамасы және Ақы төлеу республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын

консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызмет көрсетуіне арналған шартты орындау хаттамалары осы Қағидаларға 7 және 8-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қалыптастырылады.

МҚАК АД медициналық ұйымның сұратуы бойынша Хаттаманың көшірмесін береді.

11. МҚАК АД сұрату арқылы растайтын медициналық құжаттаманы зерделеу арқылы немесе медициналық ұйымның орналасқан жеріне бару арқылы ақы төлеуге ұсынылған медициналық қызметтер бойынша Шарттың талаптарының орындалуына талдау жүргізеді.

Талдау нәтижелері бойынша медициналық ұйымның басшысы өзі немесе МҚАК АД лауазымдық тұлғалары қол қоятын, бір данасы МҚАК АД-да сақталатын Шарт талаптарын орындауды тексеру актісі құрылады.

12. Медициналық құжаттама ұсынылмаған сапасы және көлемі бақылауға тиісті емделіп шығу жағдайларына ақы төленбейді.

13. Ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлардың тізбесі бойынша сапаға және көлемге жүргізілген бақылау қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес Ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес медициналық ұйымдар ұсынған бюджет қаражатының сомаларын түзету жүзеге асырылады.

14. Алдын алуға келмейтін өлім жағдайларын есепке алмағанда, сапа мен көлемді бақылау нәтижелері бойынша ұсталатын сомаға қосымша келісім жасау арқылы Шарттың сомасы тоқсан сайын азайтылады.

15. Ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын ақы төлеу кезеңінде МФҚБК АД мен МҚАК АД өткізген сапа мен көлемді бақылау нәтижелері бойынша анықталған емделіп шығу жағдайлары бойынша бюджет қаражатының сомаларын түзету Шарттың қолданылу кезеңінде келесі төлемдерден жүргізіледі.

16. Ұстап қалу мен шешіп алуға тиісті бюджет қаражатының сомасы Шарттың қолданылу мерзімі кезеңіндегі медициналық ұйымдармен келесі өзара есеп айырысу кезінде есепке алынады.

17. Көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, медициналық ұйымдар көрсеткен, орындалған жұмыстар (қызметтердің) актісін (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар (қызметтер) актісі) рәсімдегеннен кейін жүзеге асырылады.

18. Орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісін құру үшін ресімделген хаттама негіздеме болып табылады.

19. Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық ұйым көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі, Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық ұйым көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі, Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі және Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек нысанында жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі осы Қағидаларға 10-13-қосымшаларға сәйкес тиісті нысандар бойынша екі данада құрылады және түпнұсқасы МҚАК АД-ға беріледі. Егер Орындалған жұмыстар (қызметтер) актісіне электрондық-сандық қол қойылса, онда электрондық пішімде беріледі.

20. Орындалған жұмыстар (қызметтер) актісінде төлемдер мен ұстап қалулар бойынша кесте уәкілетті органның бұйрығы не сот органдарының шешімі не ресімделген хаттамамен не комиссиялық шешім бойынша өзге біржолғы төлемдер (ұстап қалулар) болған жағдайда толтырылады. Хаттамада сома, кезең, төлемнің (ұстап қалудың) атауы, негіздеме көрсетіледі.

21. Орындалған қызметтердің ресімделген актілері бойынша Медициналық қызметтерге ақы төлеу есепті кезең аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде Шартпен көзделген көлемде және мерзімде бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды есепке ала отырып, медициналық ұйымның есеп-айырысу шотына бюджет қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.

22. Шартқа сәйкес Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сапаға бақылау жүргізуге байланысты ақы төлеуге ұсынылмаған, сондай-ақ Шарт қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күнге дейін шот-тізілімге кірмеген ТМККК шеңберінде медициналық көмекті көрсету жағдайлары үшін ақы төлеу Шарттың қолданылу жылынан кейінгі жылда жүргізіледі.

23. Пациентті емдеу үшін, оның ішінде ауруханаішілік ауыстыру жағдайларында ақы төлеу бір емделіп шығу жағдайына сияқты жүзеге асырылады.

24. Консультациялық-диагностикалық көмектің көрсетілген қызметтерінің көлемі үшін ақы төлеу және қызметтер берушінің қосалқы мердігерге қызметтер үшін ақы төлеуі тарификатор бойынша жүзеге асырылады.

25. Медициналық ұйым облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражатының және бюджеттен тыс қаражаттың есебінен сатып алынған дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды ақы төлеуге ұсыну құқығы жоқ.

26. Медициналық ұйымдар есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін, қараша мен желтоқсан үшін 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде Тіркелімге мынадай :

осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығыстардың құрылымы;

осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкерлерге с а р а л а н ғ а н а қ ы т ө л е у ;

осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызмет көрсеткені үшін аванстың жоспарлы сомаларын бөлу;

осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпаратты енгізеді.

МҚАК АД қабылданған ақпараттың негізінде өткен айдағы шығыстарды деректер базасымен салыстыру жүргізеді.

Осы тармақпен көзделген ақпарат Тіркелімде болмаған жағдайда, ағымдағы есепті кезең үшін ақы төлеу көрсетілген деректерді енгізгенге дейін жү р г і з і л м е й д і .

27. Осы Қағидаға 18-қосымша бойынша АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылмайтын және КШТ тізбесінен алып тасталған диагноздардың тізбесі бойынша ақы төлеу жүзеге асырылмайды.

28. Денсаулық сақтау саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға ТМККК шеңберінде медициналық көмекті көрсету кезінде шығындарды өтеу осы Қағидаға сәйкес ТМККК көрсететін ұйымдарға сияқты жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

29. Күрделі шығыстарды қоспағанда, Шығындарды өтеу қағидаларының 6-тармағында анықталған шығыстардан басқа МҚАК АД шарттар жасасқан медициналық ұйымдарға ТМККК көрсету бойынша қызметіне байланысты шығындар өтеледі.

3. Тәуліктік стационар шарттарында медициналық қызметтерге ақы төлеу

30. КШТ бойынша стационарлық көмек жағдайлары үшін ақы төлеу базалық тарифтің (ставканың) құнын, әрбір тобы бойынша шығын сыйымдылығы коэффициентін және түзету коэффициенттерін қамтитын тарифтер бойынша жүргізеді.

31. Ауыстырумен, пациенттің өз еркімен кетуіне байланысты науқастың тәуліктік стационарда қысқа мерзімді жатуына (3 тәулікке дейін қоса алғанда) КШТ құнынан нақты өткізген төсек-күндері бойынша ақы төленеді.

Қысқа мерзімді бөлу кезінде (3 тәулікке дейін қоса алғанда) алдын алуға келмейтін өлім жағдайларында ақы төлеу КШТ құнынан 50% көлемінде жүргізеді.

Диагностикалау мен емдеудің жетілдірілген технологияларын қолданумен емделіп шығу жағдайларының жату мерзімі қысқарған жағдайда ақы төлеу КШТ-ның толық тарифі бойынша жүзеге асырылады.

32. Түзету коэффициенттері экологиялық коэффициентті, жылыту кезеңінің ұзақтығы коэффициенттерін, ауылдық аумақ коэффициентін және де басқа коэффициенттерді қамтиды.

Семей яролық полигоны және Арал маңындағы экологиялық апат аумақтарында орналасқан медициналық ұйымдарға арналған экологиялық коэффициенттер, сондай-ақ ауылдық аумақ коэффициенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысымен бекітілген азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі негізінде белгіленеді.

Жылыту кезеңінің ұзақтығы коэффициенттері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 54 қаулысымен бекітілген жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесіне сәйкес белгіленеді.

33. Осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес емделіп шығу жағдайларының, операциялардың және манипуляциялардың тізбесі бойынша өтеу нақты шығыстар бойынша немесе нақты кеткен шығындарды қосымша өтеу арқылы КШТ бойынша емделіп шығу жағдайына ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Нақты шығындар бойынша ақы нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс жағдайлардың тізбесін қолданған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте операциялар үшін ақы төлеу шығыстардың мынадай баптары бойынша нақты шығыстар бойынша жүргізіледі: жалақы, әлеуметтік салық, тамақтану, дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, медициналық қызметтер мен коммуналдық және басқа шығыстар. Коммуналдық және басқа шығыстар бұл ретте бір науқасқа қайта есептеумен өткен айдағы медициналық ұйымның коммуналдық және басқа шығыстарына арналған нақты шығындар бойынша есептеледі.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды (бұдан әрі – ММБ) және медициналық қызметтерді қолдану арқылы ақы төлеу негізгі диагноздың КШТ бойынша және олардың құнын (шығындарын) бекітілген бағалар бойынша қосымша өтеу арқылы жүзеге асырылады.

34. Осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес тізім бойынша көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу бір төсек-күні үшін, есептік орта құны бойынша емделіп шығу жағдайлары үшін және медициналық-экономикалық тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

35. Емдеу ұзақтығын негізді қысқарту жағдайларында есептік орташа құны бойынша емделіп шығу жағдайлары үшін ақы төленетін медициналық ұйымдарға ақы төлеу есептеу бір төсек-күнінің орташа құны бойынша нақты төсек-күндер үшін жүзеге асырылатын бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүргізіледі, бұл ретте бір төсек-күнінің құны бір емделіп шығу жағдайы тарифінің құнын бағасын күндердің жоспарлы санына бөлу арқылы айқындалады.

36. Терминалдық сатыдағы созылмалы бүйрек функциясының жеткіліксіздігі бар науқастарға тәуліктік стационар шарттарында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың КШТ бойынша және көрсетілген сеанстар құнын өтеу арқылы жүргізіледі.

Дәрі-дәрмектік терапиямен аурудың беті қайырылмаған, асқынған жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігі кезінде тәуліктік стационар жағдайында гемодиализ қызметтеріне ақы төлеу негізгі диагноздың/операцияның КШТ бойынша және көрсетілген сеанстар құнын өтеу арқылы жүргізіледі.

Тәуліктік стационар жағдайындағы альбуминдік және перитонеалдық диализдер қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және көрсетілген сеанстар құнын өтеу арқылы төленеді. Шығындарды өтеу кезінде шығыс материалдары жөнелтпе құжат бойынша қолына берілетін пациенттің перитонеалдық диализді өз бетінше жүргізуіне арналған шығындары есептеледі.

37. Тәуліктік стационар жағдайында жүктіліктің және босанудың асқынған барысы осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес босандыру бойынша АХЖ-10 диагноздарының (патологияның) тізбесіне сәйкес өңірлендіру қағидаттарын есепке ала отырып, қымбат тұратын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың (бұдан әрі – ММБ) нақты шығыстарын өтеумен КШТ құны бойынша төленеді.

38. Тәуліктік стационар жағдайларында нәрестелердің ауыр ауруларына осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес перинатология бойынша АХЖ-10 диагноздарының (патологияның) тізбесіне сәйкес өңірлендіру қағидаттарын есепке ала отырып, қымбат тұратын дәрілік заттардың және ММБ-дың нақты

шығыстарын өтеумен КШТ-ның құны бойынша ақы төленеді.

39. Онкологиялық аурулардың және туберкулездің диагнозын белгілеу кезінде бейінді емес стационарларда емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу тиісті КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

40. Онкогематологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін медициналық ұйымдардың тәуліктік стационар жағдайында химиотерапия жасалған емделіп шыққан науқастар үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша және нақты шығыстар бойынша химиялық препараттардың құнын өтеу арқылы жүргізіледі. Тромболитикалық препараттарды қолданған кезде ақы төлеу негізгі диагноздың КШТ бойынша және тромболитикалық препараттардың құнын өтеу арқылы жүргізіледі.

Онкогематологиялық аурулардың жіті нысандарын емдеу кезінде алғашқы емдеуге жатқызу химиопрепараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың КШТ бойынша төленеді. Келесі емдеуге жатқызу кезінде химиопрепараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың КШТ бойынша 30% төленеді.

Лейкоздың жіті нысандарын емдеу кезінде жоғары дозадағы химиотерапияны қолданатын медициналық ұйымдарға келесі емдеуге жатқызу кезінде химиопрепараттардың құнын өтеумен негізгі диагноздың КШТ құнынан соманың $\frac{3}{4}$ -і көлемінде ақы төленеді.

41. Онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін республикалық маңызы бар медициналық ұйымдардың тәуліктік стационары жағдайында емделіп шыққан науқастар үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және химиотерапия, сәулелік терапия, иммуногистохимиялық зерттеу, сүйек және буындарды эндопротездеу құнын өтеу арқылы жүргізіледі.

42. «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» акционерлік қоғамы және «А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ) медициналық ұйымдарында бауыр циррозын емдеу кезінде ақы төлеу тиісті КШТ бойынша және шығындарды қосымша өтеу арқылы жүргізіледі.

43. Стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың тізбесі бойынша тәуліктік стационар деңгейінде онкологиялық аурулары бар балаларға (бұдан әрі – Балалар онкологиясы) медициналық қызмет көрсету үшін ақы төлеу медициналық-экономикалық тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші емдеуге жатқызу күнінде балалардың жасы 18 жастан кем болады.

Медициналық-экономикалық тарифтер блоктар (сызбалар) бойынша емдеу құнын, емдеудің ұзақтығы мен стационарды алмастыратын көмекті қоса отырып, нақты нозологияны емдеудің толық курсының құнын қамтиды.

Нақты нозологияны емдеу үшін өтеу сомасы емдеудің толық курсының құнынан аспау керек. Бұл ретте, шығындарды өтеу кезеңмен, емдеу курсының блоктары (сызбалары) бойынша жүзеге асырылады.

Егер өткізілген төсек-күндердің саны бір емдеу блогының белгіленген емдеу мерзімінің 50% және одан кем болса, онда құнды өтеу блок құнынан 30%-ды ұстап қалу арқылы жүргізіледі.

Блоктар (сызбалар) арасындағы емдеу үзілісінде онкологиялық аурулары бар балаларды бақылау қажет болған жағдайда ақы төлеу стационарды алмастыратын көмек деңгейінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7306 тіркелген) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесіне кіретін дәрілік заттардан басқа, амбулаториялық емдеу кезеңі бар нозологиялар үшін дәрілік заттар стационарлық емдеу курсының аяқталуы бойынша беріледі, бұл ретте, берілген дәрілік заттар үшін шығындарды өтеу жөнелтпе құжат бойынша жүзеге асырылады.

4. Стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық қызметтерге ақы төлеу

44. Күндізгі стационардың бір емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу стационарлық көмектің бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің $1/4$ -ін құрайды.

45. Осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес АХЖ-10 бойынша аурулардың тізбесі бойынша тәуліктік медициналық ұйымдардағы күндізгі стационар деңгейінде қызметтер көрсету кезінде ақы төлеу стационарлық көмектің бір емделіп шығу жағдайы үшін КШТ тарифі бойынша жүзеге асырылады.

46. Күндізгі стационар жағдайында онкологиялық және онкогематологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін медициналық ұйымдардың химиотерапия сеанстары үшін ақы төлеу күндізгі стационардағы бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтері бойынша және нақты шығыстар бойынша химиопрепараттардың құнын өтеу арқылы жүргізіледі, сәулелік терапия көрсеткен жағдайда ақы төлеу күндізгі стационардағы бір емделіп шығу жағдайы

үшін тарифтері бойынша және тарификаторға сәйкес сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын өтеу арқылы жүзеге асырылады. Есепті кезеңдегі бір науқасқа көрсетілген химиотерапия мен сәулелік терапияның барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі.

47. Күндізгі стационар жағдайында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу тарификаторға сәйкес нақты өткізілген сеанстар үшін жүргізіледі. Бір науқастың есепті кезең ішіндегі барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі, бұл ретте негізгі диагноздың тарифі нөлдік ставка бойынша е с е п т е л с і н .

48. Осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес күндізгі стационар шарттарында өткізілген хирургиялық операциялар мен манипуляциялар үшін ақы төлеу КШТ құнынан $\frac{3}{4}$ сома көлемінде жүргізіледі.

49. Күндізгі стационар шарттарында «Коронарлық ангиография» қызметін жүргізу кезінде ақы төлеу КШТ құнынан $\frac{1}{2}$ сома көлемінде жүргізіледі.

50. Үйдегі стационардағы бір емделген жағдай үшін төлем стационарлық көмектің бір емделген жағдайының тарифінен $\frac{1}{6}$ құрайды.

4. Ұстап қалулар мен әсер ету шаралары

51. Медициналық ұйым стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек түрінде ТМККК көрсету кезінде, медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды есепке алмағанда, шартпен көзделген айлық сомадан асқан жағдайда, ақы төлеу Шығындарын өтеу қағидаларына сәйкес шарттың орындалуын бағалаудың сызықтық шкаласын (бұдан әрі – Сызықтық шкала) қолданумен жүзеге асырылады. Бұл ретте, арту сомасының туындау мерзімінен бастап бір емделіп шығу жағдайы үшін құндағы түзету коэффициенттерінің мәні 1,0 т е н е л е д і .

Сызықтық шкала облыстық және қалалық босану ұйымдарына, 45% және артық үлесімен босану қызметтерін көрсететін көпбейінді стационарларға, стационарды алмастыратын медициналық көмек нысаны бойынша көрсетілген гемодиализ бен перитонеалдық диализ қызметтеріне, Балалар онкологиясына, сондай-ақ «Туберкулез проблемалары ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – РМҚК) және «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорын медициналық ұйымдарымен көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.

ТМККК көрсететін ұйымның көрсеткен медициналық қызметтері үшін

сызықтық шкаланы пайдаланумен өтеу сомасын (бұдан әрі – өтеу сомасы) есептеу медициналық көмектің сапасын және көлемін бақылауды есепк алмай, мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) Сызықтық шкаланы қолдану үшін Тіркелімде емделіп шығу жағдайларын растау күні бойынша оларды тіркеу реттілігін негізге ала отырып, қалыптастырылған, көрсетілген медициналық қызметтер үшін шот-тізілімде ақы төлеуге ұсынылған соманың (бұдан әрі – ұсынылған сома) жоспарлы сомадан айырмашылығы ретінде есептелетін артық сома (бұдан әрі – арту сомасы) а й қ ы н д а л а д ы .

Арту сомасы пайда болған сәттен бастап жоспарлы соманың артуына әкелген емделген жағдайлар бойынша нақты сома қалыптастырылады, 1,0-ге тең түзету коэффициентін пайдаланумен бір емделген жағдайдың құны бойынша.

Жоспарлы сомадан артқан кезде пайда болған сома жоспарлы соманың артуы басталатын емделіп шығу жағдайының құнынан 51%-ды және одан астамын құраса, осы емделіп шығу жағдайының құны 1,0-ге тең түзету коэффициентін пайдаланумен қалыптастырылады.

2) арту сомасының жоспарлы сомаға қатысты арту пайызы айқындалады (б ұ д а н ә р і – а р т у п а й ы з ы);

3) өтеуге қатысты арту сомасы төмендегідей анықталады: егер арту сомасы 105% және аз болса, онда өтеуге сомасы арту сомасы және Шығындарды өтеу ережесіне сәйкес артудың пайызына сәйкес келетін өтеу пайызын көбейту арқылы есептеледі;

егер артық есептеу сомасы 105%-дан артық болса, онда өтеу сомасы екі кезеңде есептеледі: 105%-ға дейін және 105%-дан жоғары әрқайсысының арту сомасын және Шығындарды өтеу ережесіне сәйкес келетін өтеу пайызын көбейту а р қ ы л ы а й қ ы н д а л а д ы ;

Өтеудің қорытынды сомасы 105%-ға дейінгі арту сомасы мен 105%-дан арту сомасын қосу арқылы айқындалады;

4) жоспарлы соманы және өтеуге қатысты арту сомасын қосу арқылы есептелетін өтеуге қатысты сома айқындалады.

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасына

1-қосымша

Нысан

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетілген медициналық қызметтер үшін медициналық ұйымның ШОТ-ТІЗІЛІМІ

Медициналық ұйымның атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Кіші бағдарламаның атауы: _____

Кезең: 20__ жылғы «__» _____ -дан бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін

Түзету коэффициенттері: _____

Базалық тарифтің құны (КШТ бойынша ставкалар) _____

Базалық тарифтің құны (емделіп шығу жағдайы бір төсек-күн үшін) _____

Төлем түрі: клиникалық-шығындық топтар бойынша

| р/с № | Атауы | Топтың нөмірі | Диагноздың/ операцияның коды | К Ш Т бойынша шығын сыйымдылық коэффициенті | Емделген науқастар саны | Базалық тарифтердің саны (ставка) | Ақы төлеуге ұсыныл (теңге) |
|-------|---|---------------|------------------------------|---|-------------------------|-----------------------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Мамандандырылған медициналық көмек бойынша барлық жағдайлар, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1 | - стационарлық көмек | | | | | | |
| 1.2 | - стационарды алмастыратын көмек, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.2.1 | - күндізгі стационар | | | | | | |
| 1.2.2 | - үйдегі стационар | | | | | | |
| | | | | | | | |

Төлем түрі: нақты шығыстар бойынша

| р/с № | Атауы | Топтардың нөмірі | Диагноздың/ операцияның коды | К Ш Т бойынша шығын сыйымдылық коэффициенті | Емделген науқастар/ сеанстар саны | Ақы төлеуге ұсыныл (теңге) |
|-------|-------|------------------|------------------------------|---|-----------------------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | |
|-----|---|--|--|--|--|
| 1 | Мамандандырылған медициналық көмек бойынша барлық жағдайлар, оның ішінде: | | | | |
| 1.1 | - стационарлық көмек | | | | |
| 1.2 | - стационарды алмастыратын көмек | | | | |
| 2 | Барлығы | | | | |

Төлем түрі: бір төсек-күн үшін (бір емделіп шығу үшін)

| р/с № | Атауы | Емделген жағдайлар саны | Төсек-күн саны | Төлемге ұсынылды (теңге) |
|-------|---------|-------------------------|----------------|--------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | Барлығы | | | |

* Шот-тізілімде медициналық ұйым республикалық бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын тиісті төлемдер көрсетіледі

Төлем түрі: медициналық-экономикалық тарифтер бойынша (емдеу блогы/схемасы бойынша)

| р/с № | Пациент БИН | Емдеу курсының атауы | Емдеу блогының/схемасының атауы | Төсек-күн саны | Төлемге ұсынылды (теңге) |
|-------|-------------|----------------------|---------------------------------|----------------|--------------------------|
| | | | | | |
| | БАРЛЫҒЫ | | | | |

Лизингтік төлемдер

| Атауы | Емделген науқастар саны | Қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылатын лизингтік төлем сомасы (теңге) |
|--|-------------------------|----------------|---|
| Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарлық көмек бойынша медициналық техниканы пайдалану барлығы: | | | |
| Медициналық жабдықтар: | | | |
| № 1 | | | |
| № 2 | | | |
| Және тағы басқа | | | |
| Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық техниканы пайдалану барлығы: | | | |
| Медициналық жабдықтар: | | | |
| № 1 | | | |

| | | | |
|-----------------|--|--|--|
| № 2 | | | |
| Және тағы басқа | | | |
| Барлығы | | | |

Ақы төлеуге барлығы: _____ теңге

Медициналық ұйымның басшысы _____ / _____
 (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
 (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Бас бухгалтер _____ / _____
 (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
 (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөрдiң орны (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Республикалық бюджет қаражатының есебінен
 жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің
 кепiлдік берiлген көлемі шеңберінде
 көрсетiлетiн медициналық қызметтерге ақы
 төлеу қағидасына

2-қосымша

Нысан

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепiлдік берiлген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша көрсетiлген медициналық қызметтер үшін медициналық ұйымның ШОТ-ТІЗІЛІМІ

Медициналық ұйымының атауы: _____

—
 Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Кіші бағдарламаның атауы: _____

Кезең: 20 ____ жылғы « ____ » _____ -дан бастап 20 ____ жылғы « ____ » _____ дейін

Түзету коэффициенттері: _____

Базалық тарифтің құны (КШТ бойынша ставкалар) _____

Базалық тарифтің құны (емделіп шығу жағдайы бір төсек-күн үшін) _____

Төлем түрі: клиникалық-шығындық топтар бойынша

| | | | | | | |
|--|--|--|--|------------------|--|------------------|
| | | | | К Ш Т бойынша | | А қ ы төлеуге |
|--|--|--|--|------------------|--|------------------|

| р/с № | Атауы | Топтың нөмірі | Диагноздың/ операцияның коды | шығын сыйымдылық коэффициенті | Емделген науқастар саны | Базалық тарифтердің саны (ставка) | ұсыныл (теңге) |
|-------|--|---------------|------------------------------|-------------------------------|-------------------------|-----------------------------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | Жоғары мамандандырылған медициналық көмек бойынша барлық жағдайлар, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.1 | - стационарлық көмек | | | | | | |
| 1.2 | - стационарды алмастыратын көмек, оның ішінде: | | | | | | |
| 1.2.1 | күндізгі стационар | | | | | | |

Төлем түрі: нақты шығындар бойынша

| р/с № | Атауы | Топтардың нөмірі | Диагноздың/ операцияның коды | К Ш Т бойынша шығын сыйымдылық коэффициенті | Емделген науқастар/ сеанстар саны | Ақы төлеуге ұсыныл (теңге) |
|-------|--|------------------|------------------------------|---|-----------------------------------|----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жоғары мамандандырылған медициналық көмекті көрсету, оның ішінде: | | | | | |
| 1.1 | - стационарлық көмек | | | | | |
| 1.2 | - стационарды алмастыратын көмек | | | | | |
| 2 | Коммуналдық және басқа да шығындар, оның ішінде: | | | | | |
| 3 | стационарды алмастыратын көмекті көрсету кезінде күндізгі стационарда емделгендер үшін | | | | | |
| 4 | Барлығы | | | | | |

* Шот-тізілімде медициналық ұйым республикалық бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын тиісті төлемдер көрсетіледі

Лизингтік төлемдер

| Атауы | Емделген науқастар саны | Қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылатын лизингтік төлем сомасы (теңге) |
|--|-------------------------|----------------|---|
| Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарлық көмек бойынша медициналық техниканы пайдалану барлығы: | | | |
| Медициналық жабдықтар: | | | |
| № 1 | | | |

| | | | |
|---|--|--|--|
| № 2 | | | |
| Және тағы басқа | | | |
| Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық техникан п а й д а л а н у м е н б а р л ы ғ ы | | | |
| Медициналық жабдықтар: | | | |
| № 1 | | | |
| № 2 | | | |
| Және тағы басқа | | | |
| Барлығы | | | |

Ақы төлеуге барлығы: _____ теңге

Медициналық ұйымның басшысы _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Бас бухгалтер _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

20 ___ жылғы « ___ » _____

Мөрдiң орны (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасына

3-қосымша

Нысан

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде

мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның ШОТ-ТІЗІЛІМІ

Медициналық ұйымның атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Кіші бағдарламаның атауы: _____

Кезең: 20 ___ жылғы « ___ » _____ бастап 20 ___ жылғы « ___ » ___ дейін.

Базалық тариф құны: _____ (теңге)

Үйдегі қызмет бойынша түзету коэффициенттері: _____

Қашықтықтан консультация бойынша түзету коэффициенттері: _____

Қызметтерді көрсету деңгейі: _____

| р/с № | Қызмет коды | Қызмет атауы | Қызмет құны | Шығын сыйымдылық коэффициенті | Ақы төлеуге ұсынылған қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылды (теңге) |
|---------|-------------|--------------|-------------|-------------------------------|--------------------------------------|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | |

Лизингтік төлемдер

| Атауы | Қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылған лизингтік төлемнің сомасы (теңге) |
|-------|----------------|---|
|-------|----------------|---|

Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарлық көмек бойынша медициналық техниканы пайдаланумен барлығы:

Медициналық жабдықтар:

| | | |
|-----------------|--|--|
| № 1 | | |
| № 2 | | |
| Және тағы басқа | | |

Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық техниканы пайдаланумен барлығы:

Медициналық жабдықтар:

| | | |
|-----------------|--|--|
| № 1 | | |
| № 2 | | |
| Және тағы басқа | | |
| Барлығы | | |

Ақы төлеуге барлығы: _____ теңге

Медициналық ұйымның басшысы _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Бас бухгалтер _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)

(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

20__ жылғы «__» _____

Мөрдiң орны (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасына

4-қосымша

Нысан

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымның

ШОТ-ТІЗІЛІМІ

Медициналық ұйымның атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Кіші бағдарламаның атауы: _____

Кезең: 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін.

Базалық тариф құны: _____ (теңге)

Үйдегі қызмет бойынша түзету коэффициенттері: _____

Қашықтықтан консультация бойынша түзету коэффициенттері: _____

Қызметтерді көрсету деңгейі: _____

| р/с № | Қызмет коды | Қызмет атауы | Қызмет құны | Шығын сыйымдылық коэффициенті | Ақы төлеуге ұсынылған қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылды (теңге) |
|---------|-------------|--------------|-------------|-------------------------------|--------------------------------------|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | |

Лизингтік төлемдер

| Атауы | Қызметтер саны | Ақы төлеуге ұсынылған лизингтік төлемнің сомасы (теңге) |
|-------|----------------|---|
|-------|----------------|---|

Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарлық көмек бойынша медициналық техниканы пайдалану м б а р л ы ғ ы :

Медициналық жабдықтар:

| | | |
|-----|--|--|
| № 1 | | |
| № 2 | | |
| | | |

| | | |
|--|--|---------|
| Және тағы басқа | | |
| Қаржылық лизинг шартымен сатып алынған стационарды алмастыратын көмек бойынша медициналық техниканы пайдаланумен Медициналық жабдықтар: | | барлығы |
| № 1 | | |
| № 2 | | |
| Және тағы басқа | | |
| Барлығы | | |

Ақы төлеуге барлығы: _____ теңге

Медициналық ұйымның басшысы _____ / _____

—
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Бас бухгалтер _____ / _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/қолы)
(қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөрдің орны (қағаз тасушыдағы шот-тізілім үшін)

Республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу қағидасына

5-қосымша

Нысан

Ақы төлеу республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек бойынша медициналық қызметтерді көрсету

Шартын орындау хаттамасы

20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____

Кезең 20 ____ жылғы « ____ » _____ 20 ____ жылғы « ____ » _____ дейін

Министірліктің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті аумақтық

I. Сызықтық шкаланы қолданумен шартта көзделген айлық соманы асыра орындау төлеміне берілетін сома есебі

| № | Арту пайызы | | | | Өтеу пайызы | | | | | | |
|---------------------------|---|--|---------------------------------------|--|----------------|---|--|---|--|--|--------|
| 1 | 100%-дан 105%-ға дейін | | | | 50% | | | | | | |
| 2 | 105% жоғары | | | | 0% | | | | | | |
| Атауы | Сараптаманы есепке алмай ақы төлеуге ұсынылды | Есепті кезеңдегі шарттың жоспарлы сомасы | Сызықтық шкаланы қолдану | | | | | | | | |
| | | | Шарттың жоспарлы сомасынан асып кетуі | Шарттың жоспарлы сомасынан асып кеткені үшін түзету коэффициенттері = 1,0 есебін қолдану | | | Сызықтық шкаланы қолдана отырып өтеу сомасын есептеу үшін түзету коэффициенттері = 1,0 есебін қолданғаннан кейінгі шарттың жоспарлы сомасының асып кетуі | | | Сызықтық шкала бойынша % асыра орындау | |
| | | | сома | % | Ұсталатын сома | Түзету коэффициенттерін қолданғаннан кейінгі сома | Сома | % | Сызықтық шкала бойынша % асыра орындау | өтеу % | Өт сом |
| A | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| С Ш қолданғандағы сома | | | | | | | | | | | |
| С Ш қолданбағандағы сома* | | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | | |

*Бұл жол Сызықтық шкала қолданбайтын медициналық көмек түрлері бойынша толтырылады

II. Сараптама қорытындысын есепке алғандағы төлемге берілген сома есебі

Төлем түрі: клиникалық-шығындық топтар бойынша

| | | | |
|--|---|--|------------------------|
| | Есеп-тізілім бойынша ақы төлеуге қабылданды | Сызықтық шкала бойынша шығаруға жататын және сараптама нәтижесі бойынша ішінара ақы төлеуге жататын және | Ақы төлеуге қабылданды |
|--|---|--|------------------------|

| | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| көлем бақылауы өткізілген есепті және өткен кезеңдегі жағдайлардың тізбесі | X | X | X | X | X | X | X | X | X | X | X | X | X |
| <i>Есепті кезеңдегі</i> | | | | | | | | | | | | | |
| <i>өткен кезеңдегі</i> | X | X | X | X | | | | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | | | | | | | | | | | | |
| Барлық қатысушылардың бақылау нәтижелері бойынша ЖИЫНЫ | | | | | | | | | | | | | |

Төлем түрі: медициналық-экономикалық тарифтер бойынша (емдеу блок/схемалары бойынша)

| № | Емдеу блогы/схемаларының атауы | Емдеу курсы блок (схемасының) құны | Есеп-тізілім бойынша ақы төлеуге қабылданды | | Сараптама нәтижесі бойынша ішінара ақы төлеуге жататын және ақы төлеуге жатпайтын төлемдер | | Ақы төлеуге қабылданды | |
|---|--------------------------------|------------------------------------|---|-------------|--|-------------|------------------------|-------------|
| | | | Жағдайлар саны | Сома, теңге | Жағдайлар саны | Сома, теңге | Жағдайлар саны | Сома, теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

III. Өзге төлемдер/шегерістер

| Негіздеме | Комиссия шешіміне сәйкес | |
|--------------|--------------------------|------------------------|
| | Төлемдер, сома теңге | Шегерістер, сома теңге |
| | | |
| | | |
| | | |
| ЖИЫНЫ | | |

Ескертпе: сома, кезең, төлемнің (ұстап қалудың) атауы, негіздеме көрсетіледі
